



ҒЫЛЫМ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУҒА ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекті қабылдады.

Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаевқа жоғары білім және ғылым жүйесін дамытуға бағытталған бірқатар бастама мен жоба таныстырылды.

Министр елімізде осы уақытқа дейін шетелдік жоғары оқу орындарының 25 филиалы ашылғанын айтты. Шетелдік серіктестермен аймақтардағы мемлекеттік университеттерді халықаралық білім беру стандарттары бар зерттеу университеттеріне айналдыру туралы келісімдерге қол жеткізілген.

Биыл студенттерге қаржылай қолдау көрсетудің жаңа тетіктері енгізіле бастады. Олардың қатарына «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын, жеңілдетілген білім беру несиесі мен дифференциаланған гранттарды жатқызуға болады.

Аталған шаралар халықтың барлық санатына жоғары білімнің қолжетімді болуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Саясат Нұрбек жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі Президент тапсырмаларының орындалуы туралы есеп берді. Оның айтуынша, қазір 8 жоғары оқу орнында 15 білім беру бағдарламасы бойынша 2000-нан астам студент жасанды интеллект саласын оқып жатыр. Цифрлық экономикаға бейімделген кадрлардың әлеуетін дамыту үшін Google, Nvidia, Coursera, 01 Edu System және Huawei сияқты трансұлттық компаниялармен ынтымақтастық орнатылған. Сондай-ақ жасанды интеллект саласында мамандар даярлау үшін «Болашақ» бағдарламасы арқылы жыл сайын 100 стипендия бөлу жоспарланып отыр.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы жатақханалар салу, жоғары білім мен ғылым инфрақұрылымын одан әрі дамыту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

ШАҢҰАРАҚТЫ ШАЙҚАЛТҚАН ШАТАҚ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биыл 15 сәуірде «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес туралы» заңға қол қойды. Қабылданған заңға қатысты қоғамда сан алуан пікір айтылды. Кейбіреулер бұл заң «ерлердің бәсін төмендетеді», «әйелдер құтыратын болды» десе, кейбіреулер жылдар бойы тұншығып, зорлық-зомбылыққа төзіп келген әйелдер мен балалардың құқығын қорғайды, әйел мен еркектің тең құқықтылығына қызмет етеді дейді.

» 12



ЖАРЛЫҚҚА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мемлекет басшысы металлургтерді марапаттау туралы Жарлыққа қол қойды

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Металлург күні қарсаңында отандық металлургия саласындағы жемісті еңбегі, еліміздің өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық дамуына қосқан үлесі үшін жүздеген жұмысшы мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Атап айтқанда, 22 жұмысшы «Құрмет» орденінің кавалері атанды, 41 өнеркәсіп қызметкері ІІІ дәрежелі «Еңбек даңқы» орденінің, 51 адам «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері болды.

Сонымен қатар 7 маман Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасын иеленді.



ДӘРІ БАҒАСЫН НАРЫҚ ШЕШЕДІ

Бұған дейін қолданыстағы шекті бағалар өндірушілердің дәрілік заттарды төмен бағада сатуына ықпал етті. Біз мұны мониторинг барысынан байқайтынбыз. Қазір бағаны еркін айналымға жібердік және нарықты бақылап отырмыз. Дәрі-дәрмек бағасы бұрынырақтағы шекті бағадан асқан жоқ, соған тек жақындады. Өйткені бәсекелестік бар.

» 6

ПАРИЖ ТӨРІНДЕГІ қазақ төрешілері



» 16



ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ

Мәжіліс депутаты Ұлықбек Тұмашинов Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласында «AMANAT» партиясының қоғамдық қабылдауын өткізді. Шығыс Қазақстан облысының тұрғындары депутатқа өзекті мәселелерін айтып, көкейлерінде жүрген ұсыныстарымен бөлісті.

Тұрғындар тарапынан негізінен электрмен жабдықтау, білім беру және әлеуметтік мәселелер мен тұрғын үй мәселесіне қатысты сұрақтар қойылды. Сонымен қатар қабылдауға электрмен жабдықтауға қажетті әртүрлі өнім шығаратын Қазақстанға және одан тыс жерлерге танымал «Кэмонт» кәсіпорнының басқарушы директоры Б. Спатаев келіп, кәсіпорынның бүгінгі ахуалы туралы айтып, қолдау сұрады. Кәсіпорын трансформаторлық қосалқы стансалар және басқа да жабдықтар шығарып, оларды орнатумен, іске қосу және жөндеумен айналысады.

«AMANAT» партиясының қоғамдық қабылдау бөлмесінде кәсіпорын басшысы маған Мәжіліс депутаты ретінде осы кәсіпорынның экономикалық жағдайын түзетуге жәрдемдесу туралы өтініш білдірді. Өйткені бүгінде мамандық бойынша 248 қызметкер жұмыс істейді. Жалпы қарызы

шамамен 7 миллиард теңге, оның ішінде жалақы бойынша 710 млн теңге екен. Бұрынғы басшысы Астана қаласындағы тергеу изоляторында отыр. Мекеменің жағдайы қиын. Жұмысты дұрыс жолға қою арқылы бұл жағдайды реттеп, түзетуге болады. Облыс басшылығы тарапынан қолдау бар. Барлығымыз мұндай бірегей кәсіпорынды бірігіп қолдауымыз керек, – деді Ұлықбек Тұмашинов.

Депутат еліміз трансформаторлық қосалқы стансалар сияқты маңызды өнім өндіретін кәсіпорындарға қолдау көрсетіп, осы салада білікті мамандар даярлауға күш салуы қажет екенін атап өтті. Өнімнің экономикалық өсуіне ықпал етіп қана қоймай, энергетика саласындағы қауіпсіздік пен тәуелсіздікті қамтамасыз ететін осындай кәсіпорындарды дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасалу қажет екеніне баса назар аударды.

Президенттің «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын іске асыру шеңберінде 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін елімізде квазимемлекеттік сектор субъектілерін құруға мораторий енгізілмек.

ТАҒЫ БІР МОРАТОРИЙ ЖАРИЯЛАНБАҚ

Қаулы жобасына сәйкес, белгіленген уақытқа дейін Қазақстанда квазимемлекеттік сектор субъектілерін құру мүмкін болмайды. Оған мыналар кірмейді:

«Заңсыз сатып алынған активтерді мемлекетке қайтару туралы» заңның орындалуын қамтамасыз ету қажеттілігі;

Қазақстан Президентінің тікелей тапсырмалары бойынша ерекше жағдайлар.

«Жобаны қабылдау мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттыруға, мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуын қысқартуға және жеке секторды дамыту үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді», – делінген құжатқа түсіндірме жазбада.

Үкімет қаулысының тиісті жобасы «Ашық НҚА» порталында жарияланды.



МАҢЫЗДЫ МЕДИА-ТРЕНИНГ

18 шілдеде Астанада Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Huawei компаниясы ұйымдастырған журналистикадағы цифрлық дағдыларды дамытуға арналған алғашқы медиа-тренинг өтті.

Бұл тренинг – қазақстандық БАҚ өкілдері үшін маңызды кездесудің бірі. Жиында журналистика саласындағы цифрлық құралдарды қолданудың соңғы тенденциялары заманауи медиа ортада табысты жұмыс істеу үшін қажетті дағдыларды игеруге мүмкіндік беретіні туралы айтылды.

Тренингте Huawei компаниясы жасаған жасанды интеллект, бұлтты технологиялар және журналистикадағы тың деректер сияқты озық цифрлық технология құралдары ұсынылды. Ұсынылған инновациялар журналистерге ақпаратты тезірек және дәл жинауға, күнделікті процестерді жеңілдетуге және аудиторияға ен өзекті, қызықты материалдарды дайындауға мүмкіндік береді.

«Цифрландырудың арқасында біздің әлем қазір тез өзгеруде. Осыған байланысты біз уақытпен бірге жүруіміз керек. Журналистер – қоғамға жаңа технологиялар туралы оңай және қолжетімді тәсілдермен түсіндіруге көмектесетін байланыстырушы көпір. Бүгінгі кездесу журналистердің цифрландыру саласында озық болуына бағытталған. Huawei әрқашан цифрлық технологияларды дамытуға және оларды түрлі салаға енгізуге ұмтылады. Біз өз тәжірибеміз бен білімімізді Қазақстан журналистерімен бөлісе алатынымызбен мақтанамыз және бұл іс-шара елдегі медиа-индустрияның дамуына маңызды үлес болатынына сенімдіміз», – деп атап өтті Huawei Technologies Kazakhstan Бас директорының орынбасары Сю Хай.

Ал Мәдениет және ақпарат министрінің орынбасары Евгений Кочетов Huawei-дің осы тренингті өткізу жөніндегі бастамасын құптапты және бұл іс-шара журналистердің цифрлық дағдыларын арттыруына ықпал ететінін айтты. Сонымен қатар белгілі документалист-блогер



Әлия Әшім ақпаратты жасау және тарату үшін заманауи цифрлық шешімдердің мүмкіндіктеріне тоқталып, сторителлинг жайында мағлұмат берді.

Тренинг интерактивті дәріс пен практикалық сабақ форматында өтті. Бұл қатысушыларға цифрлық технологиялардың теориялық аспектілерімен танысып қана қоймай, оларды практикада қолдануға да мүмкіндік берді. Іс-шараға қатысушылар Huawei-дің ең жаңа құралдары мен технологияларын іс жүзінде сынап көруге, кәсіби салада жана перспективалар мен жаңашылдықтар ашуға бірегей мүмкіндік алды.

Huawei компаниясы ұйымдастырған медиа-тренинг журналистік қоғамдастықтың үлкен қызығушылығын тудырып, қатысушылардың жоғары бағасына ие болды. Компания журналистерге сапалы және сұранысқа ие контент құруға ықпал ететін озық технологиялар мен құралдарға қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, цифрлық журналистиканың дамуын белсенді қолдауды жалғастырады.

С.БЕГИМБАЙ

ҚҰТҚАРУШЫНЫҢ ДЕНЕСІ ТАБЫЛДЫ

Павлодар облысындағы «Майқайыңалтын» АҚ аумағында 36 жастағы Айдос Шаймерденнің денесі табылды. Ол – биыл қаңтардың басында ескі шахта шұңқырына автобуспен құлап кеткен төрт адамның бірі.

Бұл ақпаратты еліміздегі белді интернет ресурсына қайтыс болған құтқарушы Айдос Шаймерденнің әйелі Нұрсұлу Шаймерден де растады.

Кәсіби әскерлендірілген апаттық-құтқару жұмыстары қызметі республикалық орталық штабының Павлодар бойынша филиалы құтқарушысының мәйіті төтенше жағдайдан алты ай өткен соң, 19 шілдеде табылғанын хабарлады.

«Алдын ала мәлімет бойынша, құтқарушы Айдос Шаймерден табылды. Денемен бірге оның жетоны табылды. Қазір дене медициналық тексеруге жіберілді. Олар оны бүгін, 19 шілдеде сағат 06:15-те өздері болжамдап, іздегіру жұмыстарын жүргізген жерінен тауып, мәйіт тек 13:45-те ғана шығарылды», – деді Павлодар бойынша филиал басшысының орынбасары Ерлан Жарқимбеков.

Еске салайық, биыл 4 қаңтарда Павлодар облысында «Майқайыңалтын» АҚ аумағында автобус шұңқырға құлап кеткен болатын. Автобуста төрт адам болған. Сол

күні қаза тапқан екі адам табылып, жер бетіне шығарылды. 55 жастағы жүргізуші Айып Тілеуберген пен 36 жастағы взвод командирінің орынбасары Айдос Шаймерденнің денесі осы уақыт бойы табылмаған болатын.



Қызылорда облыстық филиалының жаңа төрағасы сайланды



Сыр өңірінде «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының кезектен тыс XXXIV конференциясы өтті. Алқалы жиынның басында партияның облыстық филиалының төрағасы сайланып, Саяси кеңес құрамына өзгерістер енгізілді. Ашық дауыс беру арқылы облыстық филиалдың жаңа төрағасы лауазымына Алмасбек Есмаханов сайланды.

Іс-шараға «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек, Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, партияның облыстық филиалының мүшелері, партияның аумақтық филиалдарының төрағалары мен атқарушы хатшылары, бастауыш партия ұйымдарының жетекшілері мен белсенділері, мәслихаттардағы фракция жетекшілері және «Жастар Рухы» жастар канатының өкілдері қатысты.

«AMANAT» партиясының республикалық және өңірлік сайлауалды бағдарламалары әзірленіп, оны іске асыру мақсатында 20 өңірлік Жол картасы бекітілді. Бүгінде өңірлерде әрбір бесінші уәде орындалды. Мәселен, былтыр «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында бұқаралық спортты дамыту мақсатында өңірде 7 денешынықтыру-сауықтыру кешендері пайдалануға берілді. Сондай-ақ сапалы денсаулық сақтау қызметінің қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытында облыста 15 дәрігерлік амбулатория салынды.

Партияның Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын жақсарту үшін саяси ұйымның ролін және бастауыш партия ұйымының жұмысын күшейту керектігін атап өтті.

«Мемлекет басшысының саяси тірегі саналатын «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы әр азаматтың әл-ауқатын жақсартуға, табысын арттыруға бағытталған. Қазір 13 партиялық жоба жүзеге асуда. Бұдан бөлек, Жол картасы іс-шараларының орындалу барысына уақытылы және сапалы мониторинг жүргізу партия филиалдарының негізгі міндеті. Партиялық бақылау комиссиясы осы тармақтардың орындалуын ерекше бақылауға алуы тиіс», — деді ол.

Жиын барысында бұған дейін облыстық филиалдың төрағасы лауазымын атқарған Наурызбай Байқадамов өңірлік сайлауалды бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстарды баяндады. Халық қалаулысының келтірген деректеріне сүйенсек, былтыр «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыру үшін облысқа 3 млрд теңге қаржы бөлініп, бағдарламада қарастырылған негізгі 5 бағыт бойынша 406 жобаға қолдау көрсетілді.

«Сонымен қатар былтыр «Жер аманаты» жобасы аясында мемлекет меншігіне 223,7 мың гектар жер қайтарылды, жылдық жоспар 111,85%-ға орындалды. Жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттен барлығы 35,6 млрд теңге бөлініп, 603 шақырымды құрайтын автомобиль жолдары жөнделуден өтті. Бұдан бөлек, партияның Жол картасы аясында аймақтың газдандыру үлесін 80%-ға жеткізу жоспарланған. Бүгінде барлық аудан орталығы мен 4 қала (Арал, Қызылорда, Байқоңыр, Қазалы), 19 елді мекенге газ жеткізілген. Сондай-ақ халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары үшін жалға берілетін 1 301 пәтер сатып алынып, тұрғындардың игілігіне берілді», — деді ол.

Сондай-ақ ауыл тұрғындарының табысын арттыруды көздейтін «Ауыл аманаты» аясында биыл өңір бойынша 575 жобаны іске асыру және 610 жаңа жұмыс орнын ашу көзделген. Бұл бағытта биыл 4 млрд 569 млн теңге қарастырылып отыр.

Жиыннан кейін «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек қаланың сол жағалауында партияның сайлауалды бағдарламасы аясында салынып жатқан Қан орталығында болып, нысанның жұмыс барысымен танысты. Орталықтың іргетасы былтырғы жылдың тамыз айында қаланған болатын. Мұнда жылына 5 000-нан 10 000-ға дейін адамға қызмет көрсетіледі.

«Мемлекет басшысы «Ұлт саулығы — Әділетті Қазақстанды құру жолындағы мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыты» екенін ерекше атап өткен болатын. Сапалы медициналық қызметке қолжетімділікті арттыру «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында да кенінен көрініс тауып отыр. Отандық медицина пациенттің мүддесіне жұмыс істеп, біз бен болашақ ұрпақ үшін денсаулық кепілі болады. Медицина қызметкерлері ең озық медициналық көмек көрсету үшін қажетті барлық ресурстармен қамтамасыз етілуі керек. Барлық денсаулық сақтау ұйымындағы заманауи жабдықтардың үлесін 70%-ға жеткіземіз. Партиямыздың сайлауалды бағдарламасы осы мақсаттарды көздейді», — деді Дәулет Кәрібек.

«Таза бейсенбі» акциясына 35 мыңға жуық адам қатысты

Еліміздің барлық өңірінде «AMANAT» партиясының «Таза бейсенбі» акциясы жалғасуда. Бұл акция жаңа экологиялық мәдениетті және азаматтардың қоршаған ортаға саналы көзқарасын қалыптастыруға бағытталған. Акция Президенттің «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында өтуде.

Биылғы 6 маусымнан бастап партия мүшелері түрлі аумақты тазалау жұмыстарын жүргізіп келеді. Атап айтқанда, жол бойындағы аумақтар, өнеркәсіптік аймақтар, тұрғын аудандар, әлеуметтік нысандар. Бүгінде дейін партия мүшелері 4,5 мың тоннадан астам қоқыс жинады. Ел бойынша акцияға 35 мыңға жуық адам қатысты. Өткен аптадан бастап белсенділер жағалау аймақтарын, жайылмалар мен өзен арналарын, көлдер мен су айдындарының айналасын тазартуға күш салуда. Қазірдің өзінде 70-тен астам су объектісі тазартылды.

Мысалы, Шымкентте шамамен 400 адам партия бастамасына қосылды. Бүгінгі тазалау жұмыстары Абай ауданындағы А2 тасжолының бойында өтті. Шамамен 2 тонна қоқыс жиналып, қалдықтар сұрыптау және қайта өңдеуге жіберілді. Партия мүшелерінен бөлек, игі іске жергілікті тұрғындар, мәдениет қайраткерлері және танымал спортшылар ат салысты. Олардың ішінде Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Данабек Исабеков, партияның Шымкент қалалық филиалының Атқарушы хатшысы Мұрат Жолдыхожаев, қалалық мәслихаттағы фракция жетекшісі Қайрат Иманов, ардагерлер, мәслихат депутаттары, Jasyr el еңбек жасағы және «Жастар Рухы» жастар канатының белсенділері болды.

Сонымен қатар танымал спортшылар Арман Оспанов, Сұлтан Заурбек, Жазира Жаппарқұл, сондай-ақ кинорежиссер Марат Достоев, «Миллион» әзілкештер командасы және «Жайдарман» клубының мүшелері де қоқыстан жол жиегін тазалады.

«Партия мүшелері әр апта сайын, бейсенбі күндері, бекітілген аумақтарда тәртіп пен тазалықты қамтамасыз етеді. Партияның аймақтық сайлауалды бағдарламасында өңірдің экологиялық жағдайын жақсартуға арналған ауқымды міндеттер тұр. Бүгінде аумақтарды, өзен-көлдердің жағалауларын тазарту, қаланың көшелерін көгалдандыру жұмыстары белсенді жүргізілуде», — деді Мұрат Жолдыхожаев.



Астана қаласының партия мүшелері де игі істен шет қалмады. 100-ден астам белсенді «Астана – Бұрабай» трассасының жанындағы аумақты тазалауға шықты. Олар 200-ден астам қап қоқыс жинады. Айта кету керек, «AMANAT» партиясының астаналық филиалы жанында қаланың экологиялық жағдайын бақылау үшін 5 мобильді топ құрылды. Бұған дейін мобильді топтардың жүргізген мониторингінің нәтижелері бойынша 20 заңсыз қоқыс орны анықталды.

Түркістан облысында «AMANAT» партиясының мүшелері мен «Жастар Рухы» белсенділері Тұрар Рысқұлов ауылының жанындағы Құлан өзенінің бойын тазалады. Жергілікті тұрғын Ақтоты Көшербайқызының айтуынша, бұл көрікті жерге демалушылар жиі келеді, кейбірі қоқыстарын сол күйі қалдырып кетеді.

«Табиғатты қорғау өзіңнен басталуы керек, өйткені тазалық — жинаған жерде емес, қоқыс тастамайтын жерде. Акцияға жастардың белсенді қатысып жатқаны қуанталады, олар қоршаған ортаға қамқорлық жасайды», — деді ол.

Шығыс Қазақстан облысында партия мүшелері Күршім және Құйған ауылдарында тазалық жұмыстарын жүргізді. Олар Ертіс өзенінің жағалауын, жаңа көпірге апаратын жолды, ауылдардың айналасын тазартты. 13 гектар аумақтан жиналған қоқыстар қайта өңдеуге жіберілді. Үш тонна қоқыс шығарылды.

Осындай іс-шаралар елдің басқа аймағында да өтті. Бұл тек қоқыс жинау ғана емес, әрбір учаскеге мәслихат депутаттары, белсенділер және бастапқы партия ұйымдарының басшылары бекітілген. Олар бекітілген аумақтарда тәртіп пен тазалықты сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ қоқыс жәшігін орнату, аумақтарды көгалдандыру, жолдар мен тротуарларды жөндеу сияқты абаттандыру және инфрақұрылымды дамыту мәселелерін шешеді.

Бетті дайындаған Н.ОРАЗҒАЛИ

Қырғызстанға гуманитарлық көмек жіберді

Biz Birgemiz қоғамдық қоры бастамасымен «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты белсенділері сел тасқынынан зардап шеккен Қырғызстан тұрғындары үшін Алматы қаласынан 40 тонна гуманитарлық көмек жолдады. Қазір жүк Ош қаласына жеткізілуде.

Қырғызстанның Ош облысындағы сел салдарынан тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды су басып, күрделі қиындықтар тудырды. Осыған орай, Biz Birgemiz қоры мен «Жастар Рухы» жастар қанатының еріктілері эвакуацияланған тұрғындар үшін азық-түлік, киім-кешек және қажетті заттарды жинап, өз тараптарынан көмек көрсетуге кірісіп кетті.

Biz Birgemiz қорының жетекшісі Перизат Қайраттың айтуынша, бауырлас Қырғызстанның тұрғындары көктемдегі су тасқыны кезінде елімізге қолдау білдірді дейді.

«Елімізде болған төтенше жағдай кездерінде қырғызстандықтар қолдау көрсетіп, жанымыздан табыла білді. Қиын халде қалған Ош облысының тұрғындарына да тиісті демеу білдіру — біздің парымыз деп білемін. Дайындалған заттар ішінде ұзаққа жарамды азық-тү-

ліктер, төсек орындары — матрас, жастық, жамылғыш және тағы басқа бар», — деп атап өтті ол.

Өз кезегінде гуманитарлық жүктерді тиеуге және жөнелтуге көмек көрсету үшін аз уақыт ішінде «Жастар Рухы» Алматы қалалық филиалының төрағасы Әкежан Кеңесов бірнеше ондаған еріктіні жұмылдырды.

«Біздің еріктілер кез келген жағдайда көмек көрсетуге әрқашан дайын. Бауырлас қырғыз еліне қолдан келген көмекті аямайтын боламыз. Төтенше жағдайлар кезінде тәжірибе жинақтаған жастармен Ош қаласына жол тарттық», — деді ол.

Естеріңізге сала кетейік, 14 шілдеде Ош облысы мен Ош қаласындағы қарқынды жауын-шашынның салдарынан қатты сел жүрді. Сел тасқыны кезінде алты адам қаза тапты. Тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды қоса 800-ге жуық ғимарат апаттан зардап шекті.

Сенат депутаттары Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамалары мен реформаларын халық арасында түсіндіру мақсатында еліміздің елді мекендеріне аттанған болатын.

Сенат Төрағасының орынбасары Ольга Перепечина, сенаторлар Әсем Рахметова және Ләззат Қалтаевамен бірге Солтүстік Қазақстан облысына барып, жергілікті тұрғындармен кездесті. Үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен және мәслихат депутаттарымен кездесуде көктемгі су тасқынының салдарын жою, зардап шеккендерге әлеуметтік көмек көрсету, мүгедек адамдардың құқықтарын қорғау және тағы басқа мәселелер талқыланды. Депутаттар Петропавлдағы облыстық перинаталдық орталық базасында ашылған «Қамқорлық» орталығында болды.

Сенат депутаты Андрей Лукин Астана қаласындағы «Сарыарқа» ауданы әкімдігінің басшылығымен кездесті. Кездесу барысында аудан халқының тұрмыс жағдайын жақсарту және мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру туралы маңызды әлеуметтік мәселелер талқыланды. Сенатор халықтың осал топтарына әлеуметтік қолдауды күшейту, денсаулық сақтау мен білім беру жүйесін жетілдіру, сондай-ақ ауданның инфрақұрылымын дамыту қажеттігіне назар аударды.

Сенат депутаттары Сұлтанбек Мөкежанов пен Нурия Ниязова Алматы қаласының тұрғындарымен кездесті. Сенаторлар азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға, ұлттық бірлік пен қоғамдық келісімді нығайту жолында Парламент қабылдаған заңдар мен атқарылған жұмыс туралы айтып берді. Сондай-ақ кездесуде әлеуметтік қолдауды жақсарту, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі бастамалар да талқыланды.

Сенат депутаты Амангелді Толамисов Абай облысының Жарма ауданында болып, Боранбай би кесенесінің жанындағы «Батыр бабалар шайқастары жолымен» экспедициясының ашылуына қатысты. Шара барысында депутат аудан тұрғындарымен кездесу өткізіп, оларға биыл Сенат мақұлдаған заңдар туралы айтып берді.

Сенат депутаты Жанна Асанова Алматы қаласында Almaty Creative креативті индустрияны дамыту орталығында сала мамандарымен және Алматы қалалық мәслихатының депутаттарымен кездесті. Онда аталған саладағы жеңілдіктер, гранттар және қаржыландырудың басқа да нысандары сөз болып, осы бағытты дамыту үшін мемлекеттік қолдаудың маңызды екені айтылды.

Сенат депутаты Нұрлан Бекенов Ақмола облысындағы аудандардың тұрғындарымен кездесті. Депутат Бұланды ауданындағы Қараөзек ауылының тұрғындарымен кездесу кезінде Аққайындағы су құбырын күрделі жөндеу және жаңғыртуға қажетті қаржы бөлудің ықтимал тетіктерін талқылады. Кездесулерде халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту үшін осы мәселелерді жедел шешу қажеттігі атап өтілді. Сенатор Бурабай ауданында бірқатар маңызды жобаны іске асыру барысымен де танысты.

Сенат депутаты Сергей Ершов Қарағандыда қалалық мәслихат депутаттарымен кездесті. Жүздесу қаланы дамыту, жолдар және әуе қатынасы мәселелеріне арналды. Онда қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында көлік және инфрақұрылым саласындағы қаланы дамыту проблемаларын шешудің маңыздылығы айтылды. Депутат Приозерск қаласындағы әскери бөлімде болып, әскери дайындық барысымен танысты және бөлімнің әскери қызметшілерімен кездесті.



СЕНАТОРЛАР ЕЛ ІШІНДЕ

Сенаторлар Советбек Медебаев пен Серік Шайдаров Ұлытау облысының тұрғындарымен кездесіп, өңірдегі өзекті мәселелерді талқылады. Олар кездесу барысында қоғам қайраткерлерімен және мәслихат депутаттарымен кездесіп, өңір тұрғындарын толғандыратын өзекті мәселелерді шешу жөнінде өз пікірлерімен бөлісті. Сенаторлар Жезқазған қаласындағы ауызсу тазарту-шаруашылық құрылысын жаңғырту жобасымен де танысты.

Сенат депутаты Бекболат Орынбеков Жамбыл облысында болған кезде ұзындығы 6,138 шақырым болатын М-1 жылу жүйесін жаңғырту жұмысымен, Төле би даңғылындағы 11 үйдің қасбеттері мен шатырларын жөндеу және 24 көпқабатты үйдің кескін-келбетін жаңарту барысымен де танысты. Сенатор Тараз қаласындағы 2023 жылы 7 256 үй сүмен қамтамасыз етілген «Құмшағыл», «Шөлдала» және «Қазарма» саяжайларындағы магистралдық су құбырының құрылысында болды. Байзақ ауданындағы 45 орындық емдеу мекемесін, Сарыкемер ауылындағы денешынықтыру-сауықтыру кешені мен Көптерек ауылдық округіндегі 90 орындық мәдениет үйінің құрылысын аралады.

Сенатор Жанна Асанова Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің қызметкерлерімен кездесті. Қоғамдық қабылдау бөлмесіндегі әңгіме барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жаңа тетіктерін іздеу мәселесі басты тақырып болды. Кездесуге департамент басшылығы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің жетекші мамандары, үкіметтік емес ұйымдардың, сараптамалық қоғамдастықтың өкілдері және Алматы қалалық мәслихатының депутаттары қатысты.

Сенат депутаты Евгений Большерт Солтүстік Қазақстан облысындағы бірқатар әлеуметтік маңызды нысандарында болды және өңірдегі кәсіпорындар мен қауымдастықтардың өкілдерімен кездесті. Петропавлдағы Б.Әшімов атындағы машина жасау және көлік колледжінде, Достық үйінде болып, «Жомарт жан» өңірлік орталығының өкілдерімен, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерімен және өңірдегі этномәдени бірлестіктердің мүшелерімен кездесті.

Сенат депутаттары Геннадий Шиповских пен Алишер Сатвалдиев Қызылорда облысындағы Қазалы ауданында болды және құрылыс жұмысымен, кейбір әлеуметтік нысандардың жай-күйімен танысты. Сондай-ақ сапар барысында аудан тұрғындарымен кездесіп, олардың ұсыныстарын тыңдады және ағымдағы мәселелерді талқылады. Әйтеке би ауылындағы халықтың әлеуметтік осал топтарына арнап салынып жатқан үйдің құрылысымен танысты.

Ольга Булавкина мен Шәкәрім Бұқтұғұтов Шығыс Қазақстан облысында жергілікті тұрғындармен, мәслихат депутаттарымен және аймақ басшылығымен кездесті. Жүздесуде өңірдегі медицинаны, білім беру мен өнеркәсіпті дамыту мәселелері және жолдардың жай-күйі талқыланды. Риддерде көпсалалы аурухана салу мәселесіне ерекше назар аударылды. Сенатор Булавкина республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бұл жобаның сақалды құрылысқа айналмауы маңызды екенін атап өтті. Депутаттар сондай-ақ өңірдегі Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдерімен де кездесті.

Сенат депутаты Алтынбек Нухұлы Баянауыл ауылында денешынықтыру-сауықтыру кешені құрылысының барысымен танысты. Депутат құрылыс алаңындағы кездесуден кейін Баянауыл ауданының ақсақалдары және активімен жүздесіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму жоспарын талқылады. Ол Мұса Шорман ауылының тұрғындарымен де кездесті. Жүздесу кезінде Сенат қызметінің қорытындылары, сондай-ақ академик Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған шараларды іске асыру барысы туралы айтып берді.

Сенат депутаты Талғат Жүнісов Ақмола облысындағы Астрахан және Бұланды аудандарының тұрғындарымен кездесті, бірқатар инфрақұрылымдық және әлеуметтік нысандарды аралады. Астрахан ауданындағы Старый Колутон ауылында ауыл тұрғындарымен кездесіп, суға шайылып кеткен кіреберіс жолды жөндеу және дәрігерлік-амбулаториялық пункт салу мәселелерін талқылады. Бұланды ауданындағы Капитоновка және Иванковка ауылдарында тасқыннан зардап шеккен азаматтарға арнап салынып жатқан үйлер құрылысымен танысты.

Сенат депутаты Ғалиаскар Сарыбаев Талдықорған қаласында «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің, Қоғамдық кеңестің өкілдерімен және мәслихат депутаттарымен кездесті, жанадан салынған «Жетісу Арена» спорт кешенінде болды және волейбол мен үстел теннисіне арналған оқу-жаттығу кешендерінің құрылысымен танысты.

Ғалиаскар Сарыбаев осы өңірде орналасқан 5 514 әскери бөлімде де болды. Кездесу барысында жауынгерлік дайындықты арттыру, қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету және әскери қызметшілер мен олардың отбасыларын әлеуметтік қолдау мәселелері талқыланды. Әскери қызмет жағдайын жақсарту, оқыту, кәсіби даму және білім беру гранттарын беру тақырыптары да қозғалды.

Сенат депутаттары Айгүл Қапбарова мен Алишер Сатвалдиев Шымкенттегі №1 және №2 қалалық ауруханалардың жұмысымен танысты. Дәрігерлер органдар донорлығына қоғамда оң көзқарас қалыптастыру, донорлар тапшылығының алдын алудың заңнамалық тетіктерін жетілдіру жөнінде пікір алмасты. №2 қалалық көпсалалы ауруханада сенаторларға нейрохирургия орталығының жұмысы туралы айтылды. Ұлттық нейрохирургиялық орталықта инсульт алған пациенттердің жан-жақты қалпына келуіне мүмкіндік беретін ангиографиялық құрылғы орнатылған, онда білікті дәрігерлер жұмыс істейді.

Сенат депутаты Нұрлан Бекназаров Шымкент қаласының сот және полиция өкілдерімен кездесу өткізіп, жергілікті тұрғындармен жүздесті. Соттағы кездесуде заңнамадағы сот жүйесін реформалау және құқық қолдану жөніндегі өзгерістерді талқылады. Кеңес барысында Полиция департаментінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелері сөз болды. Полиция департаментінің бастығы сенаторға қаладағы қылмыстың 24,8%-ға төмендегені туралы баяндады.

Сенат депутаты Серік Өтешов Қарағанды облысының тұрғындарымен кездесті. Сенатор қаладағы кейбір әлеуметтік маңызды нысандарда да болды. Кездесу барысында өңірдің 2023-2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарын іске асыру, Балқашта туристік кластер құру және Приозерск қаласында туристік инфрақұрылымды дамыту мәселелері талқыланды. Депутат сондай-ақ Приозерск қаласын сапалы жылудың жабдықтаудың маңыздылығына назар аударды.

Сенат депутаты Бауыржан Қаниев Ақтөбе облысының тұрғындарымен, облыстық және қалалық әкімдіктердің басшылығымен, сондай-ақ мәслихат депутаттарымен бірқатар кездесу өткізді. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, жақында болған су тасқынының салдарын жою және алдағы жылыту маусымына дайындық мәселелері – кездесулердің негізгі тақырыбы болды. Онда облыстың тұрақты дамуын қамтамасыз ету және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруда биліктің барлық деңгейлері арасындағы үйлестірілген іс-қимылдың маңыздылығы айтылды. Сенатор кездесулер барысында инфрақұрылым мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жақсарту, сондай-ақ шағын және орта бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру мәселелеріне баса назар аударды.

Сенатор Сәкен Арубаев Жамбыл облысындағы Жуалы ауданында болды және өңірдегі инфрақұрылымды жақсартуға арналып салынып жатқан бірқатар нысанды аралады. Ол аудан тұрғындарымен кездесу барысында ауылдарға сапалы ауызсу жеткізуге баса назар аударды. Тұрғындар ауызсуы жок Түктібай және Ақтөбе ауылдарына таза су құбырын жеткізу мақсатында былтыр жобалық-сметалық құжаттар әзірленгені туралы депутатқа айтып берді.

Н.ҚОСАЙ

EnergyProm.kz мониторинг агенттігінің дерегіне, елімізде дәрі-дәрмек бағасы бір жылда орта есеппен 11 пайызға қымбаттаған. Ақмола облысы, Астана, Алматы және Шымкент қалаларында баға едәуір шарықтаған – шамамен 18%. Сарапшылардың айтуынша, парацетамол мен ацетилсалицил қышқылының құны тіпті 60 пайызға дейін көтерілген. Мамандар медикаменттер бағасы әлі қымбаттайтынын айтады. Оған себеп көп...



Айдана НҮРМҰХАН

МЕМЛЕКЕТ БАҒАНЫ БАҚЫЛАМАЙДЫ

Елімізде дәрі-дәрмек бағасының еркін айналымына мүмкіндік беру үрдісі қарқын алды. Бұл дегеніміз – мемлекеттің тауарлар мен қызметтер бағасын бақылауын жеңілдету немесе алып тастау. Еліміздің заңнамасы контекстінде бұл – тауарлар мен қызметтер бағасын белгілеу процесіне мемлекеттің араласуын азайту немесе шектеу, яғни нарық ұсыныс-сұраныстарға сәйкес, өнім бағасын еркін анықтай алады.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі басшысы Мира Тұяқбаеваның айтуынша, бұл реформа бәсекеге қабілетті нарық жасауға мүмкіндік береді. Қазақстан бүгінге дейін ЕАЭО елдерінің ішінде дәрілік заттардың бағасын реттеумен айналысатын жалғыз мемлекет болған.

«Аталмыш нарықтың әлеуметтік маңызын ескеретін болсақ, бәсекелестікті дамыту, балама өндіріске мүмкіндік берудің қажеттілігін түсінуіміз керек. Бұл реформа халыққа дәрілік заттардың қолжетімділігін арттыруға және фармацевтикалық бәсекені ынталандыруға арналып отыр. Бұған дейін Қазақстан препараттардың толық тізімін, шамамен 7,1 мыңнан астам дәрі-дәрмек бағасын реттеумен айналысып келді», – деді сарапшы.

Биыл жыл басынан бері билік көтерме және бөлшек саудадағы дәрігердің рецептісіз берілетін барлық препарат бағасын бақылауды қойды. Аталмыш реформаны 2022–2026 жылдары үш кезеңмен

ДӘРІ БАҒАСЫН

НАРЫҚ ШЕШЕДІ

Денсаулық сақтау министрлігі де бұл реформаны жылы қабылдады және болашағынан зор үміт күтеді. Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті төрағасының орынбасары Ляззат Қашқымбаевның пікірінше, аталмыш жаңашылдық дәрі-дәрмек бағасының тұрақталуына мүмкіндік бермек.

«Әлбетте, ДСМ күні бүгінге дейін дәрілік заттардың бір бөлігінің бағасын реттеп отыр және осы тізімдегі кей препараттардың тапшылығын байқаймыз. Ал бағаны еркін айналымға жіберу арқылы нарық өзін-өзі реттейтін болады. Дәрі-дәрмек бағасы мұның салдарынан күрт қымбаттамайды деп сенеміз. Оның үстіне, 2020 жылғы пандемия кезіндегі жағдайдан кейін (бұл уақытта сұраныстағы дәрілік заттар тапшылығынан баға бірнеше есеге дейін көтерілген болатын) бизнес нарық жағдайын және мемлекеттің қымбатшылыққа жол бермейтінін түсінеді», – дейді сарапшы.

Комитет өкілінің айтуынша, жыл басынан бері бағасы бақыланбайтын рецептісіз сатылатын дәрілік заттардың бағасының күрт қымбаттауы байқалмаған.

«Бұған дейін қолданыстағы шекті бағалар өндірушілердің дәрілік заттарды төмен бағада сатуына ықпал етті. Біз мұны мониторинг барысынан байқайтынбыз. Қазір бағаны еркін айналымға жібердік

заттарды бақылау сапасын күшейтуге бағытталды. Сарапшылардың айтуынша, аталмыш идея жақсы, дегенмен оның жүзеге асырылу барысы әлі де түсініксіз.

Қазақстандық тәуелсіз дәріханалар қауымдастығының жетекшісі Талғат Омаровтың пікірінше, бұл жаңашылдық кәсіп иелеріне қосымша жүктеме салуы мүмкін. Өйткені препаратты таңбалау мен қадағалау мүмкіндігі әр өнім үшін қосымша құн салығын төлеуге итермелеуі ықтимал. Бұған дейін дәрілік заттар 12 пайыздық ҚҚС босатылған еді.

«ҚҚС енгізілетін болса, дәрі-дәрмек бағасы кем дегенде 16 пайызға тағы қымбаттайды. Яғни, қазіргі 4 пайызға тағы 12% қосылмақ. Кедендік бақылаудан өткен уақытта ҚҚС төлеуге тиіс боламыз», – дейді маман.

ЖҮЙЕДЕ КЕМШІЛІК КӨП

Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің дерегіне, бүгінде елімізде 7,1 мыңнан астам дәрілік зат тіркелген, оның 6,2 мыңға жуығы, яғни 86 пайызы – шетелдік препараттардың, ал мыңнан астамы, яғни 14 пайызы отандық медикаменттердің үлесі. Бірақ 14 пайызға тең отандық өнімнің шикізаты да 95 пайыз импортқа тәуелді. Егер ҚҚС енгізілетін болса, нарықтағы дәрі-дәрмектің 95 пайызы қымбаттауы мүмкін. Ал отандық өндірісті дамытудың тиісті тетігі жолға қойылмаған әрі бақылануы да төмен.

Жақында Жоғары аудиторлық палата халықты дәрі-дәрмекпен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету бөлігінде Денсаулық сақтау министрлігі мен оның ведомстволық бағынысты ұйымдары қызметінің тиімділігіне жүргізілген аудит қорытындысын жариялады. Аудит барысында фармацевтикалық өнім айналымы саласындағы 36 жүйелік кемшілік анықталған. Денсаулық сақтау саласындағы

бағдарламалық құжаттардың іске асырылуын талдау барысында фармацевтика саласын дамыту бойынша кешенді тәсілдің жоқтығы айқындалған. Дәрілік заттарды шығару кезінде қазақстандық шикізат іс жүзінде пайдаланылмайды, ал әкелінетін компоненттердің сапасына қойылатын талаптар белгіленбеген. Аталмыш құжатқа сәйкес, отандық дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өндірушілердің мемлекеттік қолдау шараларымен қамтылуы 20 пайыздан төмен. 2023 жылғы саудасаттық қорытындысы бойынша нарықтағы отандық дәрі-дәрмектердің үлесі – 18%. Бағаны мемлекеттік реттеу тиісті дәрежеде жүргізілмейді. Шекті баға қалыптастыру «пайызға пайыз» қағидаты бойынша үстеме бағаны белгілеуге негізделген, бұл нормативті түрде препарат құнын өндіруші зауыт бағасынан 172%-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Палата төрағасы Әлихан Смайыловтың айтуынша, Денсаулық сақтау министрлігі шекті бағаларды қалыптастыру әдістемесін бағаны жүздеген пайызға көтеруге бола-

тындай етіп әзірлеген. Баға белгілеу әдістемесі мүлдем қате.

Денсаулық сақтау министрі Жоғары аудиторлық палатаның ұсынымдарын ескере отырып, осы бағытта тиісті жұмыс жүргізілетінін атап өтті.

«Баға белгілеуге, оның ашықтығы мен объективтілігіне қатысты сұрақ өте көп. Көтерме-бөлшек сауда сегменті үшін де, ТМҚКК және МӘМС шенберінде де сатып алу бөлігінде баға белгілеуде сұрақтар бар. Жоғары аудиторлық палата талдауының нәтижелеріне келетін болсақ, 6,5 мыңнан астам препараттың бағасы тексерілетін болады. Жұмыс тобы құрылды. Оларды іріктеуге қатысты да сұрақтар бар. Жыл соңына дейін біз ТМҚКК және МӘМС шенберінде, сондай-ақ көтерме-бөлшек сауда сегментінде белгіленген бағалардың барлық спектрін тұтастай қайта қараймыз деп ойлаймын», – деді министр Акмарал Әлназарова.

Жоғары аудиторлық палата төрағасы сонымен қатар мемлекеттік реттеу саласы тіркелмеген дәрілік заттардың бағасын қамтымайтынына назар аударды, бұл өндіруші зауыт бағасының 2000%-на дейін үстеме баға белгілеуге мүмкіндік беріп отыр. Сонымен бірге мемлекеттік аудит баға белгілеу тетігінің кемшіліктері «СҚ-Фармация» ЖШС-ның жекелеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды нарықтық бағадан 40%-365% жоғары бағамен сатып алуына әкеліп соққанын анықтады, бұл 8 млрд теңгеден асып отыр. Бұдан басқа, Бірыңғай дистрибьютор жүйесінде сатып алуы сапасыз жоспарлау медициналық ұйымдардың 2,8 млрд теңге сомаға сатып алынған препараттардан бас тартуына әкелді. Нәтижесінде, 279,5 млн теңгеге препараттар жарамдылық мерзімінің өтуіне байланысты тұрып қалған, кейіннен олардың бір бөлігі есептен шығарылған.



Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің дерегіне, бүгінде елімізде 7,1 мыңнан астам дәрілік зат тіркелген, оның 6,2 мыңға жуығы, яғни 86 пайызы – шетелдік препараттардың, ал мыңнан астамы, яғни 14 пайызы отандық медикаменттердің үлесі. Бірақ 14 пайызға тең отандық өнімнің шикізаты да 95 пайыз импортқа тәуелді.



жүзеге асыру жоспарланған: алғашқысында (2022–2023 жж) – 2,2 мыңнан астам дәрілік зат, оның ішінде қарапайым ауруларды емдеуге арналған гомеопатиялық препараттар, биологиялық белсенді қоспалар мен дәрумендер бағасына бақылау болмайды. Келесі кезеңде (2023–2025 жж) – рецептісіз берілетін дәрі-дәрмектер мен антибиотиктер, ал соңғысы (2025–2026 жж) – мемлекет бақылауында қалатын дәрілік заттардан басқа барлық препарат бағасын реттеу шектеледі. Осылайша, 2026 жылға қарай билік медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті медициналық сақтандыру жүйесі шеңберінде, «СҚ-Фармация» мемлекет қаражатына сатып алатын дәрілік заттардың ғана бағасын реттейтін болады.

және нарықты бақылап отырмыз. Дәрі-дәрмек бағасы бұрынғырақ шекті бағадан асқан жоқ, соған тек жақындады. Өйткені бәсекелестік бар», – деп түсіндірді Л.Қашқымбаева.

Десек те, сарапшылар аталмыш реформаның сау бәсеке қалыптастыруға септігі болғанымен, дәрілік заттардың құнының көтерілуіне де ықпалы зор екенін алға тартады. Өйткені сұраныс көп болған жағдайда кәсіп иелері дәрі-дәрмек бағасын қалауынша қымбаттатуға мүдделі болады. Демек, дәрі-дәрмек бағасы алдағы уақытта да қымбаттай бермек. Бұған қоса, биылғы 1 шілдеден бастап елімізде барлық препаратты таңбалау мен қадағалау мүмкіндігі енгізілді. Бұл жаңашылдық нарықтан контрафактілік өнімдерді жоюға және дәрілік

ТҮЙІН:

Дамыған елдерде дәрі-дәрмектің 70-90 пайызы ұлттық бағдарламалар аясында өздерінде өндіріледі. Мысалы, Испанияда отандық препараттардың үлесі 67%, Францияда – 56%, Израильде – 49%, сондай-ақ Ресей, Беларусь сияқты ТМД елдерінде де отандық өнімі 30 пайыздан асады. Ал елімізде бұл көрсеткіш – 14%. Оның өзінде, дәрі-дәрмектің 95 пайызы шетелдік валютамен сатып алынған импорттық шикізатқа тәуелді. Сарапшылар отандық нарықтағы дәрілік заттардың бағасын тұрақтандыру мақсатында түрлі реформа жасалғанымен, алдымен өндіріс ісі туралануы керекін айтады. Ал жоғарыда айтқан бастамалар тиісінше бақылануы қажет.

Соңғы бес-алты жылда еліміздің көптеген аймағын аралап шықтық. Бірінші кезекте халықтың өмір сүру деңгейі мен әлауқатының жағдайы бірден көзге түседі. Әлемдегі ең бай елдердің шикізат ресурстары мүмкіндіктерін ескерсек, кем дегенде халықтың өмір сүру деңгейі төмен болмауы керектігі көрнекті. Бірақ еліміздегі объективті талдау нәтижелері бойынша Үкімет пен әкімдердің есептері өңірлердегі нақты көрініске сәйкес келе бермейді. Мұның себебі неде?



өңірде орналасуы қажет

Аймақтық саясат 90-жылдардың ортасынан бастап салмақты және теңдестірілген әлеуметтік-экономикалық саясаттың маңызды құралы ретінде қалыптаса бастады. Дегенмен ол одақтың ыдырауынан туындаған әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың салдарын жоюға бағытталған еді. Бүгінде өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінде алшақтық бар.

Атап айтқанда, жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің негізгі көрсеткіші бойынша Қазақстан өңірлері арасындағы алшақтық жылдан-жылға қысқарудың орнына өсу үрдісіне ие болып отыр. Мысалы, бұл көрсеткіш 1999 жылы 6,6 еседен 2022 жылы 12 есеге дейін ұлғайған. Сондай-ақ егер 2012 жылы халықтың жан басына шаққандағы орташа ақшалай кіріс деңгейі бойынша алшақтық 3,8 есе болса, 2022 жылы 4,13 есеге жеткен.

Жалпы, бүгінде Қазақстанда өңірлердің экономикалық даму деңгейлерін теңестіру үшін алғышарттар жасалмағанын атап өтуге болады. Өңірлік саясатты жүргізу шеңберінде қабылданатын тұжырымдамалық және бағдарламалық құжаттарда өңірлердің экономикалық және әлеуметтік даму деңгейлерін теңестірудің нақты тетіктері мен құралдарын әзірлеу бойынша өзекті міндеттер жоқ. Бұл жағдайда жалпы аймақтық саясаттың тиімділігі туралы айтудың қажеті болмайды. Тиімсіз аймақтық саясаттың салдары, бір жағынан, әлеуметтік шиеленістің өсуіне әкелуі мүмкін. Егер халық уәде етілген игіліктердің жүзеге асырылмайтынын көрсе, бұл наразылықтың өсуіне себепкер болады. Адамдар өздерін назардан тыс қалғандай әділетсіздік күйін сезінуі мүмкін.

Екінші жағынан, көші-қон мәселесі күшейеді. Халық жақсы мүмкіндіктерге қол жеткізу мақсатында дамыған аймақтарға немесе тіпті елден тыс жерлерге көшуге ұмтылады. Бұл әр өңірдегі халық саны бойынша теңсіздікті арттырып, көшіп кетуші және көшіп келуші аймақтарда қосымша проблемалар туындайды.

Үшіншіден, экономикалық жағдай нашарлайды. Инфракұрылымның жеткіліксіз дамуы және өмір сүру деңгейінің төмендігі еңбек өнімділігінің бәсеңдеуіне, сондай-ақ әлеуетті инвесторлардың жобадан бас тартуына әсер етеді. Нәтижесінде, экономикалық өсуге кедергі келтіреді.

Қазіргі заманғы кәсіби емес басқару менеджменті осы жағдайға өз септігін тигізуде. Сарапшылар кейде: «Бүгін көп нәрсеге қабілетті басқарушыларды бәрін жасауға дайын басқарушыларды алмастырды деп жатады. Мысалы, Мемлекеттік басқарудың макродеңгейінде маңызды мемлекеттік және салалық бағдарламалар қабылданады, оларды іске асыру өңірлердің дамуына елеулі әсер етуі тиіс сияқты. Бұл, ең алдымен, индустриялық-инновациялық, агрозық-түлік, ауылдық аумақтарды дамыту, әлеуметтік реформаларды тереңдету және тағы басқалар. Сонымен

қатар оларды өңірлерде іске асыру тәжірибесі өңірлік бағдарламалар көбіне бағыттары бойынша да, мақсаттар бойынша да жоғарыда аталған бағдарламалармен корреляцияланбайтынын көрсетеді.

Тіпті, мемлекет ұлттық жобалар сияқты жоспарлау құралына көшті. Бүгінде, әсіресе ұлттық аудиторлық бюросның аналитикалық зерттеулерінің қорытындысы бойынша, барлық дерлік ұлттық жоба аз немесе мүлдем тиімсіз екені анық. Сонымен қатар ұлттық жобалауға көшуге байланысты барлық негізгі мемлекеттік бағдарлама нәтижесіне талдау жүргізілместен, өз жұмысын тоқтатты.

Осыған байланысты өңірлер түсініксіз жағдайда қалып отыр: олар бағдарланған мемлекеттік бағдарламалар жоқ, ал экономиканың мезодеңгейіндегі ұлттық жобалардың нақты сұлбасы белгісіз және тек виртуалды қаржыландырумен қамтамасыз етілген. Нәтижесінде, 10 ұлттық жобаның 7-і кепілге қойылған индикаторларға жетпей, іс жүзінде тоқтатылды.

Бірнеше жыл бойы ұмытылып келген өнеркәсіптік саясат тұжырымдамасы заңнамалық деңгейде қабылданғаннан кейін жүзеге асырылуы көптеген сұрақ туғызады. Сонымен қатар сарапшылар қоғамдастығы арасында өнеркәсіптік саясат және оның ракурсы саналатын индустриялық-инновациялық саясат — аймақтық ұғым ба деген сұрақ талқыланды. Шын мәнінде, оның жауабы қарапайым: аймақтар өз шекараларында индустриалды немесе өнеркәсіптік саясат жүргізе алмайды. Өйткені индустриалды реформаларды жүргізуде тәуелсіз әрекет ету маңызды, ал әзірге бұл мүмкін емес.

Шынында да, елдің бірыңғай ұлттық экономикалық кешені жағдайында өңірлердің ресурстық әлеуетіне байланысты мамандануын ескере отырып, өнеркәсіпті дамытудың өңірлік пропорцияларын қамтамасыз ету маңызды. Сонымен қатар бұл аймақтардың шекараларын мойындамайтын кластерлік саясатқа қайшы келеді. Мұның бәрі жергілікті өзін-өзі басқару тетіктері мен құралдарының толық жұмыс істеуіне кедергі. Заңнамалық база бұл жағында 20 жылдан астам уақыт бойы жетілдіріліп келеді, бірақ әлі нақты нәтиженің ауылы алыс. Жалпы, мемлекет жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға мүдделі емес деген ой келеді. Мұнымен мәселе толығымен шешілмейді, өйткені билікті нақты орталықсыздандыру — белгілі бір топтардың мүддесіне қайшы келуі мүмкін.

Мұндай жағдайда еліміздің өндірістік күштерін аймақтарға орналастырудың ұтымдылығы туралы айтудың қажеті жоқ.

Өйткені бүгінде шешілуі қиын келесідей мәселелер бар:

Біріншіден, Астана мен ірі қалалар Үкіметтен көбірек инвестициялар мен назарын алуға, бұл қалалар мен ауылдық жерлер арасындағы айырмашылықтардың одан әрі артуына әкеледі. Екіншіден, табиғи ресурстарды (мұнай, газ, металл кендері) өндіруге маманданған өңірлер экономиканың әр-

жөн, бұл туралы ноу-хаудың лоббистері үндемей келеді. Бір жағынан, ЖІ «қоректенетін» деректер дұрыс болмауы мүмкін. Деректердің шектеулі санына байланысты ЖІ объективті шындық туралы қорытынды жасай алмайды — ол өзінің шындығын жасайды, әсіресе дұрыс емес статистиканы қолданғанда. Екінші жағынан, машиналық оқыту адамның миы сияқты жұмыс істемейді, сондықтан жүйені алдау өте оңай. Үшіншіден, ЖІ өзінің бенефициарлары деңгейінде шешімдер шығарады, оларға жергілікті өзін-өзі басқару органдары кіруі мүмкін. Өрқашан жасанды интеллект пен табиғи интеллект арасындағы айырмашылық неде деген сұрақ туындауы керек. ЖІ — бұл мәліметтер базасында жұмыс істейтін, бірақ шешімдер үшін жауап бермейтін «темір». Ал табиғи интеллекттің жаны, ар-ожданы және қабылданған шешім үшін жауапкершілігі бар, ол заңсыз шешім қабылдағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Осылайша, жергілікті атқарушы органдар деңгейінде жасанды интеллект технологияларын қолдану басқару шешімдерінің сапасын көтеруге мүмкіндік бермейді. Бірақ сәтсіз шешімдер үшін жауапкершілікті жасанды интеллектке ауыстырудың прецедентін құруы мүмкін;

Әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыру жөніндегі нақты нәтижелерді оның негізіне қоя отырып жергілікті жерлерде атқарушы биліктің қызметін рейтингтік бағалау практикасын қайта жаңғырту қажет болуы мүмкін. Көрсеткіштер жиынтығына негізделген бұрын қолданылған тәсіл бәсекеге қабілеттілік рухын оятып және жергілікті биліктің нақты күш-жігерінің максималды объективтілігіне ықпал етпеді;

Мемлекеттік құрылымды (министрліктер, агенттіктер және т. б.) құру қажеттілігі туындай деген ой туады, ол жүйелі тәсілді талап ететін өңірлік даму проблемаларымен толық және толық жауапкершілікпен айналысатын болады, ал қазір ұлттық жобаларға «көмілген» қазіргі министрліктер қамтамасыз ете алмайды;

Донор-өңірлер мен дотациялық өңірлер арасындағы бюджетаралық қатынастарды жетілдіру жөнінде шаралар қабылдау қажет, мұндай шешімдер кешенді көзқарасты талап етеді. Бюджетаралық қатынастардағы тенгерімсіздікті жою үшін әкімдер мен министрліктер арасындағы үйлестіруді жақсарту, бірыңғай ақпараттық базаны енгізу және шынайы статистиканы қамтамасыз ету қажет. Тек осы шарттар орындалған кезде ғана ЖІ сияқты заманауи технологияларды сәтті енгізуге болады. Бұл бюджет қаражатын басқару процесін оңтайландыруға және оларды пайдалану тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді;

Реформаларды бір жерден бақылауға мүмкіндік беретін практикалық бағыттағы ғылымды іске қосу керек. Бүгінде Ұлттық экономика министрлігінің жанындағы Экономикалық зерттеулер институты ведомство жанындағы «арифмометр» ролін атқаратын көлеңке іспетті. Осыған байланысты өңірлік саясат жөніндегі мамандандырылған мемлекеттік органды құрумен қатар, оның жанында практикалық бағыттағы қуатты ғылыми институт құру қажет.

«Аймақтық саясаттағы қателіктерді болжауға және алдын алуға бола ма?» деген сұрақ туындайды. Әрине, жоғарыда аталған мәселелерді дұрыс сақтау және жүйелі түрде шешу арқылы алдын алу шараларын болжауға және қажетті шешімдер қабылдауға болады. Алайда бұл мәселе сол калпында қалуда. Мұндай күрделі, өмірлік маңызды міндеттер тек нақты іс-әрекеттерді емес, сонымен бірге жауапты органдардың ерекше назар аударуын қажет етеді. Тұтастай алғанда, тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның өңірлік саясатының нәтижелерін бағалай отырып, өңірлердің даму көрсеткіштерін теңестіру саясаты әзірге көңіл көншітерлік деңгейге жеткен жоқ. Егер қазір жағдайды түзету үшін шаралар қабылданбаса, ертең кеш болады. Ал оны калпына келтіру үшін көп уақыт пен күш-жігер қажет.

Еділ МАМЫТБЕКОВ,
Сенат жанындағы Сенаторлар кеңесінің мүшесі



Саятхан САТЫЛҒАН

Іргетасы 1995 жылы каланған мұражайда бүгінде биік тұлғаның тұтынған заттары, сыйға алған кітаптары мен бағалы сыйлықтары қойылған. Бұл дүниелерді музейге Бауыржан атамыздың келіні Зейнеп Ахметова тарту еткен.

Мұражайға кіреберістен Бауыржан Момышұлының полковник шеніндегі шинелі менмұдалап көрінеді. Батырдың өзі киген шинелі отты жылдардан елес беріп тұрғандай. Қанды майданды көзбен көрмесек те, сол күндер көз алдымыздан жүгіріп өткендей болды. Талай тағдыр тартысын көрген бұл шинелі музей төрінде бейнебір батыр тұлғасындай асқақ

Ұлыдан қалған құнды мұралар

Ерлік ешқашан да ұмытылған емес. Батырларымыздың ерлігі де, ер мінез болмысы да ұрпақ жадында жаңғырып тұрады. Міне, сондай тау тұлғаның бірі – батыр Бауыржан Момышұлы. Қаһарман ұлдың өмірі мен ерлігін ұлықтап, ұрпаққа қалған құнды мұралары аз емес. Соның бірқатары туған топырағы Жамбыл облысы Жуалы ауданындағы мемориалдық музейде сақтаулы тұр.

Сарғайған архив суреттерінен Сәбит Мұқановтың ылғи тақия киіп түскен суретін көретінбіз. Жазушы сол тақияны бір өзі ғана кимей, қаламдас інісі болған Бауыржан Момышұлына көзі тірісінде біреуін сыйға тартқан екен. Міне, осы тақия да мұражай төрінен орын тапқан. Ал «Ұшқан ұя», «Қанмен жазылған кітап» сияқты шығармаларды дүниеге әкелген қалам мен сия сауытта батыр Бәукеңнің жаны мен рухы қалғандай.

Соғыс қасіретін басынан кешкен батырдың өз қолымен сызған картасы да музейде сақтаулы. Онда майдангерлердің қай жолмен жүру керектігі, жау аңысын қалай аңду қажеттігі бейнеленген. Қазақ және араб әріптерімен жазылған картада жаудың шоғырланатын орны көрсетіліпті. Карта сызуда араб әріптеріне басымдық

берілген. «Егер бұл карта жау қолына түсіп қалса, қазақ әскерлерінің жауға барар жолдағы шығу нүктесі белгісіз болсын» деген оймен осылай істелсе керек. Соғыс психологиясын терең меңгерген командирдің бұл көрегендігі талай әскерді аман алып қалғаны анық.

Батыр Бәукең – әскери тұлға болуымен қатар, қалам мен қаруды қатар ұстаған жан. Бастапқыда шағын өлең жазудан бастаса, кейін келе әдеби шығармалар мен мемуарлар жазды. Алайда Бауыржан Момышұлының ел білмейтін бір сыры – ол өз қолымен ою ойған. Музейге қойылған керемет оюлар Ер Бәукеңнің қолынан 1973 жылы туған екен. Қаһарман ұлдың әкесі өз дәуірінде темірден түйін түйген зергер болған. Міне, осы қасиет Ер Бәукеңнің бойына қанмен құйылғандай.

Бауыржан Момышұлының «Мәскеуде емес, Жуалыда жүрегім, Жуалымды аңсаймын да жүремін» деген өлең жолдары да мұражай төрінде ұрандап тұр. Әрине, Ер Бәукеңнің кіндік қаны тамған жерде музейдің жұмыс істеп тұрғаны – қуанарлық іс. Ал Бауыржан Момышұлына арналған мұражайдың бірі облыс орталығы Тараз қаласында да ашылған болатын. Мұндағы ең құнды жәдігер – батырдың маузері. Бауыржан Момышұлы 1970 жылдары облыстық тарихи өлкетану музейіне: «Маузерім осы музейде тұрсын» деп өз қолымен тапсырып кеткен екен. Тіпті, аманат хат жазып қалдырыпты. Ол да мұражайдың құнды мұрасына айналған.

Қазір қаһарман ұлмен бірге қанды майдан көрген маузер облыстық тарихи-өлкетану музейіне қарасты «Даңқ залында» тұр. Маузерді көзбен көрсен, көңілің толқып, ерекше күй кешесің. Батырдың айбынын асқақтатқан маузердің қаншалықты маңызды болғанын жан жүрегіңмен сезінесің. Ұлы тұлғаның өз қолымен тапсырған ұлы мұрасын көзбен көрудің өзі адам бойын алабөтен күйге бөлейді. Бұл маузер кейінгі ұрпақтың жігерін жанып, патриоттық рухын асқақтататыны анық.

Иә, батыр атамыздан қалған әр зат – тарихи құндылық. Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының осы маузерін басқа емес, Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейіне тапсыруы – үлкен абырой әрі мақтаныш. Бүгінде батырдан қалған құнды жәдігерлерді көруге келушілердің қарасы қалын. Осының өзі Ер Бәукең деген тағзым мен құрмет емес пе.

Мұнда АҚШ, Мальта, Түркия, Ресей, Өзбекстан, Қазақстан және Қырғызстаннан келген қырық сегіз орындаушы бақ сынасты.

– Биыл «Ұлттық ән авторлары» жаңа номинациясы енгізілді. Мен «Қотыр тайды» орындадым. Қазылар алқасы өте мықты болды. Оның құрамында Александр Городницкий, Анэс Зарифьян және Владимир Глазунов бар. Қазылар алқасы барлық қатысушыларды алдын ала тыңдап, ең мықтыларын таңдады. Сондай-ақ фестивалде жеке концерт беруге мүмкіндік туды, – деді Ақтоғай ауданының құрметті азаматы, ақын Қуаныш Максұтов. Жерлесіміз аталмыш фестивалде өзінің авторлық әндерін шырқаған.

«Туризмді дамытып отырған Қырғыз еліне риза болдық», – дейді Қуаныш Максұтов.

Осы фестивалде арнайы «Ұлттық әндер авторы» аталымын қосып қойған екен. Бұл әр елден келген өнерпаздар өз елінің әнін, өз тілінде айтады деген сөз. Мыңдаған адам ағылған тау бөктері саудасымен де арнайы тігілген үйлерімен де көз тартады. Осының бәрін бізде де жасауға болады емес пе?

Әр облыста жаз маусымында туристерді тарту үшін қолайлы жерлер бар. Алакөл, Қапшағай, Бурабай, Жасыбай, Каспий теңізі. Санай беруге болады. Ал Қарағанды облысында туризмге тек Қарқаралы мен Балқаш қана тандалған. Міне, осы екі аймақта да фестиваль өткізуге болар еді. Ұлттық нақышта.

Ақын бардтық өнердің түпқазығы жырауларымызға барып тірелетінін айтады. «Одан қалса, термелеріміз бар. Бірақ мәселе біздің соны заманға сай дамытып, ұлттық құндылықтарымыз бен музыкалық стиль атаулыны үйлестіре алмай, көше әндері деңгейіне түсіріп жібергендігімізде болып тұр. Ал енді бард деген кім дегенге келсек, ол ең алдымен жазба ақын екенін білуге тиіспіз. Мысалы, Высоцкийді қазір орыстар «поэт-песенник» деп жүр ғой. Ал біздің бард өнерінің бастауында ең бірінші Қорабай Есеновтің аты аталуға тиіс», – дейді ол.

Қырғызстанда өткен «Әнші Ыс-тықкөл – 2024» халықаралық авторлық ән фестивалінде Қуаныш Максұтов Гран-при иегері атанды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Қазақша бард фестивалі



«Қазақта гитараны сахнаға тұңғыш алып шыққан Қорабай ағамыз», – дейді ақын. – Табылды Досымовты ұмытпауымыз керек. Табылдың бард әндері бір бөлек, шансондары бір бөлек, лирикалық әндері бір төбе. Біз қазір Табылды Досымов, Қорабай Есенов, Жарылқасын Дәулетовтің шансон стиліндегі биік деңгейдегі әндерін көше әндерімен шатастырып алдық.



керек пе?

– Шансон – ол әр адамды тебіренде алатын, әр адамның тірлігі мен тағдырында сәт сайын ауысып отыратын ішкі мұнын, жан дүниесінде жасырынып жатқан сырларын суырып шығаратын ой әндері. Шансонның тағы бір артықшылығы – оның да бард секілді поэзияға құрылуы. Мұнда әншілік, композиторлық, орындаушылық бір-біріне ұласып жатады. Бардта мүлдем әншілік жоқ, ол сөзді жеткізеді, бар максаты да – сол. Сондықтан ол музыкалық

өлшем, жанр дегенге, гармонияға сыймауы мүмкін. Жасыратын түгі жоқ, менің бард стиліндегі әндерімді «ұрып-соғып», «алдап-сулап» малды қораға айдап кіргізгендей қылып, әзер дегенде гармонияға келтірдік. Жалпы, Е.Брусиловский сынды әннің атасы «Қазақтың әндері нотаға сыймайды» деп айтқан ғой. Ол – таза шындық, біздің табиғатымыз да дарқан даламыз секілді кең. Біз бірауыз сөздің қалдырған, қара қылды қақ жарып, ақиқатты айтқан елміз, ешқашан да бас кессек те, тіл кеспеген елміз. Сондықтан да біздің қанымызда бард бар деп мен толығымен айта аламын».

Кейіпкеріміздің айтуынша, Қарағанды облысында бүгінде бірнеше фестиваль өтуде, бірақ оның бәрі бардтық бағытта емес екен.

«Бард бағытындағы әндердің сөзін де, әнін де бір автор жазады. Менің айтпағым – осы. «Музыкальная Сарыарқа» немесе «Балхашфест» фестивальдерінің форматтары мен бардтық, авторлық әндердің фестивалінің айырмасы – жер мен көктей! Салыстыруды қажет етпейді.

Мысалы, балықшылар мен дикан-дардың фестивалінің айырмасындай.

Сондықтан бардтық және авторлық әндердің фестивалінің өзіндік ерекшелігі мен қалыптасқан дәстүрін, форматын білмеген соң ұшқары пікір айтудан сақ болайық!

Бүгінгі жетістік – ынтымағымыз мен бірлігіміздің арқасында жеткен қазақ бардының, қазақ шансонының және қазақтың авторлық әнінің халықаралық деңгейдегі үлкен жеңісі! Ал қазақ барды мен қазақ шансонының, қазақтың авторлық әндерінің халықаралық фестивалін өткізуді келешекте бірлесіп, ақылдасып шешетінімізге сенімдімін!», – дейді бард, ақын Қуаныш Максұтов.

Халықаралық дәрежеде бард фестивалі қазақ тілінде шырқаса деген Қуаныш ақынның айтқан ойы – бұл. «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» дегендей, бардтық фестивалдің отаны Қарағанды болса» деген ойды біз де қостық...

...Сіз базар аралап жүрсіз делік. Жалақыңыздан жырымдап жинаған ақшаңызға ұялы телефон, сөмке, қолсағат және құлаққап алуыңыз керек. Алдымен ұялы телефон алмақ болып бір butikке бас сұқтыңыз. Арманыңыз – соңғы үлгідегі iPhone. Осы кезде жаныңызға сатушы келді. – Қандай смартфон іздедіңіз? – iPhone. – Ымम्म... Бізде осы жылы шыққан iPhone-ның соңғы үлгісі бар. Мінекейіңіз. Бағасы – 750 мың теңге.

Наурызбек САРША

Бағасын естіген сәттегі танданысыңызды көзіңізден оқыған сатушы: – Ендеше оригинал емес iPhone-дар бар, бағасы небәрі 150 мың теңге. Түрі, пошым, ішіндегі бағдарламаларына дейін түпнұсқадан аумады. Сапасы түпнұсқадағыдай емес, әрине. Бірақ ешкім мұның көшірме екенін білмейді, – дейді сатушы қыз лепірмелете. Ақырында сіз сол дүкеннен соңғы үлгідегі iPhone мен құлаққаптың көшірмесін сатып алдыңыз. Дәл сол секілді Casio сағатын, Kurt Geiger сөмкесін, артылған ақшаңызға Chanel әтірінде сатып алдыңыз. Әрине, барлығы түпнұсқа емес. Көшірме болса да кіл дүниеңіз бренд болып шыға келді. Құтытқаймыз, Сіз – трендтесі!

Иә, қазір түпнұсқа мен көшірменің майданы үдеп тұр. Шынайы түпнұсқалы дүние іздегенде арзан бағада іздеген дүниеңіз табыла кетсе, оның түпнұсқалығына күмәнданып қалу, әдеткі жағдай. Себебі «Ата данқымен қыз өтеді, ата данқымен бөз өтеді» деген мақалдың мәнін түсінген маркетинг өкілдері танымал бренд атын жамылып көшірме саудаларын қыздыру үстінде. «Бренд данқымен көшірме өтеді». Міне, осылай. Айтпақшы, аталған құбылыстың атауын білесіз бе? Карго-культ! Карго маркетингі – танымал компаниялардың әрекеттеріне еліктеу арқылы нәтижеге жету. Ал бұл атаудың қайдан шыққанын білгіңіз келе ме? Оо, ол бір ғажап тарих деуге болады.

КАРГО КУЛЬТТІҢ «КІНДІГІ» ҚАЙДАН ТАРАҒАН НЕМЕСЕ АСПАННАН ЖАУҒАН СЫЙЛЫҚТАР

1941-жыл. Жапония Америка Құрама Штаттарының Перл Харбор кемежайына шабуыл жасап, АҚШ-тың ресми түрде Екінші дүниежүзілік соғысқа кіруіне себеп болды. АҚШ сарбаздары кемелерімен Тынық мұхитындағы түрлі аралға шығып, әскери орталықтар құрастыра бастады.

Соғыс кезінде Меланезия аралдарын АҚШ әскери база ретінде пайдаланып, сол базаларға аспаннан жүк тасталған, себебі біріншіден, ұшақтың қонуына ыңғайсыз, екіншіден, шығынсыз яғни ұшаққа жол салудың қажеті жоқ. Америкалық әскерлер жүк түсетін аймақты қоршап, жақсы көріну үшін түтіндетіп, байрақтарды бұлғап белгі беріп, радиоаппараттар арқылы ұшаққа хабар беретін еді. Осылайша,



КӨШІРМЕ «КІЛТІ» - КАРГО КУЛЬТІ

белгіленген нүктелерге ұшақтар аспаннан әскери қажеттіліктерді парашют арқылы тастайды.

Сол аралда өркениеттен мақұрым қалған меланезиялықтар ғұмыр кешіп жатқан болатын. Жергілікті халық үшін бұл іс-әрекеттер тым түсініксіз болғандықтан, олар үшін бұл құдды таңғажайып сикыр, тылсым құбылыс еді. Олар америкалық сарбаздардың арқасында алғаш рет ұшақ, кеме, радио, теледидар сияқты өркениеттің ғажайып үлгілерімен танысты. Осылайша, күн артынан күн өтті, жыл артынан жыл өрді. Жабайы аборигендермен ақнәсілді сарбаздар 3-4 жыл тіршілікті бірге кешті. Жергілікті халық су және тамақ тасымалдау жағынан сарбаздарға көмегін аямайды. Мұның есесіне АҚШ сарбаздары оларға тамақ және киім берді. Жұма сайын жүк тасымалдау ұшақтары аралға тамақ, әскери құралдар, киім алып келетін еді. Ақыры дүниежүзін жалмаған соғыс аяқталып, америкалықтар өз кемелеріне отырып, отандарына қайтады. Ал жергілікті халық бұрынғы қоныр тіршілігіне қайта оралады. Қызық осы сәтте басталады. Америкалықтар құр кетпей, аборигендердің жүрегіне сенім ұялатып кетеді. Олар ұшақтардың қайта оралып, өздеріне көктен тамақ және киім алып келетініне сенеді. Халық күткенімен жылдар бойы оларға ұшақ немесе тамақ келмейді. Дәл сол уақыттарда халық арасында қызық бір наным басталады. Халық ағаштардан және тастардан ұшақ, түрлі ағаш және жапырақтардан америкалық сарбаздарынан көрген теледидар және радио құрылғылар жасайды. Себебі америкалық сарбаздар пайдаланған бұл заттардың құдай жіберген ұшақтарды шақыруға көмектесетіндігіне сенетін еді. Егер америкалық адамдар бұл әдіспен ұшақтарды шақырса, жергілікті халық үшін де ұшақтар қайтадан келіп тамақ беретін еді. Осылайша, олар бұл түсініксіз іс-әрекеттерді діни рәсімдеріне енгізеді. Әскерлер секілді байрақ жасап бұлғап, түтіндетіп, радиоаппаратқа ұқсас

заттарды ағаштан жасап дәлмедәл қайталап, аспаннан жүк түсуін күте бастайды. Бұған куә болған америкалықтар бұл құбылысты «Карго ғұрпы» деп атайды. Тікелей мағынада «жүкке табыну» деп аударылады. XIX-XX ғасырда Еуропа елдерінің Таяу Шығыс пен Африканы отарлау кезінде осыған ұқсас оқиғалар жиі кездескен. Мысалы, 1798 жылы Наполеон Мысырға басып кіріп, озық

Coco-cola, Adidas, Dior, Apple сияқты алып компаниялардың көшірмелері арқылы көрініс тапты. Аталған өнімдерді тек байманаштар пайдаланғандықтан қараша халық та солар секілді болуға тырысатыны рас. «Болмасаң да ұқсап бақ» демей ме Хәкім Абай. Ақсүйектердің тұрмыс-тіршілігі, киімдері, ұстанған, пайдаланған дүниелері кедей-кешік үшін тансық, әрі көз қызықтырарлық. Осыдан келіп еліктеу басталады. Солар киген брендтік киімдер, танымал үлгідегі заттар, тіпті өмірлік ұстанымдар. Дүние қуған пенделер бұлардың барлығын қайталауға бар. Бүгінде әлеуметтік желіде барлығы өзін іскер, табыскер ретінде көрсетуге тырысады.

КАРГО КУЛЬТІ НЕГЕ ҚАУІПТІ?

Меланезия аралындағы тұрғындары тағы еске түсірейікші. Арал тұрғындарының көзқарасы бойынша америкалықтар пайдалы ештеңе істемеді: олар аң ауламады, шошқа ұстамады және жүгері өсірмеді. Олар «аспаннан» су тегін тамақтар мен заттарды алып отырды. Сондықтан аборигендер жұмысын тоқтатып, аспаннан азық-түлік, киім-кешек, құрал-саймандар мен қару-жарақтарды «дәл солай» алған әскерилердің жұмбақ рәсімдерін көшіре бастағаны таңғаларлық емес. Бұл өз кезегінде жұмысқа немқұрайды, жатыпішерлікті, өз еңбегімен тырысып дүние табуы кемітті. Дәл осы секілді әлеуметтік желілерде «қалай тез әрі аз жұмыспен баюға болады» деген жарнамалардан көз сүрінеді. Жарнама жасаушылар кейіпкерлерді сөйлету арқылы олардың аз қаражатпен, көп еңбек етпей байып кеткендерін мысал етеді. Осылайша, өзге де адамдар аборигендер секілді аспаннан «тамақ» күте бастайды. Сонымен қатар «ұшағыңыз» жасанды болса да, жақсы ұшамыз деп кейіп танытып, көрер көзге көзбояушылыққа ұрынады. Яғни, жалған сезімдерге әуес қылуы мүмкін. Дегенмен барлық жағдайдың жақсылықтарын көре білген де абзал. Жаңа iPhone сатып алу сізді Forbes тізіміне жақындатуы екіталай, бірақ біліктілікті арттыру курстары немесе жаңа жоғары ақы төленетін кәсіпті менгеру сіздің қаржылық жағдайыңызды шынымен жақсартуға алады.



технологияларды алып барған. Бертін келе мұсылмандар радио құрылғысын алғаш көргенде оны сикыр деп ойлап, оны жою үшін радио бағаналарының астында отырып құран оқитын болған екен.

БОЛМАСАҢ ДА ҰҚСАП БАҚ, БІР БРЕНДТІ КӨРЕСІҢ

XXI ғасырда бұл ұғымның аясы кеңейе түсті. Бизнесе, саясатта, білім-ғылым саласында, тіпті күнделікті тіршілігімізде карго-культ ұғымы етек жайды. Жоғарыда карго маркетингі жайында сөз қозғаған едік. Бұл

Адамдар басқалардың көз алдында жақсы көрінудің барлық жолын ойлап табады. Бір ғана мысал айтайық. «Жігітіңіз қызғанғанын қалайсыз ба? Құрбыларыңыз сізге қызғанышпен қарағанын көргіңіз келе ме? Біз сізге арнайы 101 раушан гүлінен тұратын керемет букет әкелеміз. Келгеннен кейін 10 минут ішінде қалағаныңызша фотосуреттер мен селфи жасауға болады. Құны – гүлді жалға алу Мәскеуге жеткізумен қосқанда 1000 рубль», – деп Instagram-да ресейлік кәсіпкер Роман Зарипов жарнама жасайды. Бұл Халықаралық әйелдер күнін мерекелеу қарсаңында болатын.

Жарнама тез танымал болды, лезде таралады. Кейбіреулер әлеуетті сатып алушыларды ақымақ деп атаса, ал басқалары сатып алуға қатты қызығушылық танытып жатты. Көбінесе

ЖҰМЫССЫЗДЫҚПЕН КҮРЕСТЕ ТИІМДІ ТӘСІЛ

Батыс Қазақстан облысында жұмыссыз азаматтарды қысқамерзімді курстарда оқыту басталды. Бұл – жылда ұйымдастырылатын жүйелі жұмыс. Бірақ қазір қысқамерзімді курстарға бұрынғыдай сан толтыру үшін топырлатып оқыта бермейтін болыпты. Себебі қырғын адамды оқытып алып, жұмыссыз ретінде тек тіркеп отырудың пайдасы аз. Сондықтан қазір жұмыссыз адамды тек жұмыс берушінің сұранысына сай мамандыққа ғана оқытады. Тиісінше, оқуын аяқтаған маман сол компанияға тұрақты жұмысқа орналасады.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА

Гүлсім Сәбитованың жасы – 31-де. Үйде бала күтімімен отырған үш баланың анасы. Бірақ Гүлсім құр отырған жоқ. Өзі киім-кешек тігеді, соны сатып бала-шағасының нәпакасын тауып отырған әйел. Ол қысқамерзімді курстар туралы естіп тігіншіліктің қыр-сырын жетілдіру үшін оқуға келіпті.

– Мен бұрыннан тігін тігемін. Бала күнімде қуыршақтарма

кажетті көйлектерді өзім тіге беретінмін. Қазір де өзіме қажетті киімді тігіп кие беремін. Бірақ кәсіби маманның білімі мен үйретуі бөлек қой, бүгіннен бастап курстан өтіп жатырмын. Алдағы уақытта өзімнің жеке киім тігетін ательемді ашқым келеді. Сол үшін жұмысқа тұрып, тәжірибе жинақтасам ба деймін, – дейді Гүлсім.

Биыл облыс бойынша 350 жұмыссыз адам қысқамерзімді курстарға оқуға жіберіледі деп күтіліп отыр. Былтыр 250 адам оқыпты.



– Жыл қорытындысы бойынша, оқығандардың 90 пайызы жұмысқа орналасты, – дейді Еңбек мобильділігі орталығының директоры Саян Баймұханов.

– Қысқамерзімді курстарға біз жұмыс берушінің сұранысына сай оқуға жібереміз. Қазір бір мекеме 20 тігінші сұрады. Осы сұранысқа сәйкес, 20 қыз-кейіншек білім алуда. Ертең күзге қарай газ операторларына сұраныс көбейеді. Міне, осылай сұранысқа орай

оқытамыз. Тек оқыта беру бізге нәтиже бермейді. Біздің мақсат – жұмысқа тұруға жәрдем ету, – деп атап өтті С.Баймұханов.

БҚО-да жұмыссыздықпен күрес тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жұмыссыз азаматтарға бос орындар жәрменкесі арқылы жұмыс ұсынылып, кәсіпке икемі барларға грант беріліп, қайта оқудан өткізіп азаматтардың өз нәпакасын өздері тауып жеулеріне барынша мүмкіндік жасалып

келеді. Сол жасалып жатқан жұмыстар мен қабылданған бағдарламалар өз жемісін беріп жүр ме? Сандарды сөйлетіп көрелік.

2024 жылдың алғашқы үш айындағы есеп бойынша, жұмыссыздық деңгейі – 4,8%, 15-35 жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі – 3,6%, әйелдер арасындағы жұмыссыздық деңгейі 5,8% құраған.

Ұлттық статистика Бюросының мәліметіне сәйкес, экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың саны 353 147 адам, осының ішінен жұмыспен қамтылған халықтың саны 336 062 адам, жалдамалы қызметкерлердің саны 246 892 адам, соның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың саны 89 170 адам, ал жұмыссыз адамдардың саны 17 085 адамды құрап отыр.

– Биыл 22 815 адамды белсенді шаралармен қамту жоспарланған. Бүгінде 7 565 адам осы іс-шараларға тартылды. Мұның ішінде 5 599 адам тұрақты жұмысқа орналасты, – деп көрсетілген БҚО Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының ресми сайтында.

Батыс Қазақстан облысы

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабының ашық конкурс негізінде Университетімізге қарасты №2 жатақхана ғимаратының қажетті деген душтар мен әжетхана бөлмелеріне және ішкі дәліздерге ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуін сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын тауарлардың жеткізілу мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап, құрылыс мердігерлігінің шарты бойынша мердігер тапсырысшының тапсырмасы бойынша шартта белгіленген мерзімде белгіленген объектіні салуға не өзге де құрылыс жұмысын орындауға міндеттенеді.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

1. Құрылыс мердігерінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты атқару саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, электрондық шот-фактура, орындалған жұмыс актілері)
3. Құрылыс мердігерінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзіретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Мердігер жұмыстың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында қолданылатын құрылыс тауарларының үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 23-бабының 1 тармағының негізінде Университетімізге қарасты «Мағжан» қалашығында орналасқан 15 пәтеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуін сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын тауарлардың жеткізілу мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап, құрылыс мердігерлігінің шарты бойынша мердігер тапсырысшының тапсырмасы бойынша шартта белгіленген мерзімде белгіленген объектіні салуға не өзге де құрылыс жұмысын орындауға міндеттенеді.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

1. Құрылыс мердігерінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты атқару саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, электрондық шот-фактура, орындалған жұмыс актілері)
3. Құрылыс мердігерінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзіретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Мердігер жұмыстың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында қолданылатын құрылыс тауарларының үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 23-бабының 1 тармағының негізінде Университетімізге қарасты №3 оқу ғимаратындағы үлкен аудиториялар мен конференция залдарының жылу сақтау қабілетін жоғарылату мақсатында, «Б» «В» «Г» блоктарының шатыр асты жабынына жылу оқшаулау материалдарын төсеу бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуін сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын тауарлардың жеткізілу мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап, құрылыс мердігерлігінің шарты бойынша мердігер тапсырысшының тапсырмасы бойынша шартта белгіленген мерзімде белгіленген объектіні салуға не өзге де құрылыс жұмысын орындауға міндеттенеді.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

1. Құрылыс мердігерінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты атқару саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, электрондық шот фактура, орындалған жұмыс актілері)
3. Құрылыс мердігерінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзіретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;

5. Құрылыс мердігері ҚҚС төлеуші болса, сатып алынатын тауарлар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.

6. Құрылыс мердігерінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы.

7. Конкурсқа қатысуға және шарттық кепілдік ретінде конкурсқа ұсынылған жалпы сомасының кем дегенде 5 пайызы (%) мөлшерінде мына есепшотқа аударылуы талап етіледі: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ мекемесі, БСН-990440008043, БСК-НСВККЗКХ, ЖСК-KZ436010291000010707, Кбе-16, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ немесе банктік кепілдік берілуге рұқсат.

Сатып алынатын тиісті құрылыстың тізімі мен келісімшарт үлгісін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 09.08.2024 (12:00), №201-кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, құжаттар реттік санымен тігілуі қажет, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайында орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203-кабинетте қабылданады.

5. Құрылыс мердігері ҚҚС төлеуші болса, сатып алынатын тауарлар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.

6. Құрылыс мердігерінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы.

7. Конкурсқа қатысуға және шарттық кепілдік ретінде конкурсқа ұсынылған жалпы сомасының кем дегенде 5 пайызы (%) мөлшерінде мына есепшотқа аударылуы талап етіледі: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ мекемесі, БСН-990440008043, БСК-НСВККЗКХ, ЖСК-KZ436010291000010707, Кбе-16, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ немесе банктік кепілдік берілуге рұқсат.

Сатып алынатын тиісті құрылыстың тізімі мен келісімшарт үлгісін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайында орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 29.07.2024 (12:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайында орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203-кабинетте қабылданады.

4. Мердігер жұмыстың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында қолданылатын құрылыс тауарларының үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.

5. Құрылыс мердігері ҚҚС төлеуші болса сатып алынатын тауарлар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.

6. Құрылыс мердігерінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы.

7. Конкурсқа қатысуға және шарттық кепілдік ретінде конкурсқа ұсынылған жалпы сомасының кем дегенде 5 пайызы (%) мөлшерінде мына есепшотқа аударылуы талап етіледі: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ мекемесі, БСН-990440008043, БСК-НСВККЗКХ, ЖСК-KZ436010291000010707, Кбе-16, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ немесе банктік кепілдік берілуге рұқсат.

Сатып алынатын тиісті құрылыстың тізімі мен келісімшарт үлгісін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайында орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 05.08.2024 (15:00), №201-кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайында орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203-кабинетте қабылданады.



ПАРИЖ ТӨРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТӨРЕШІЛЕРІ

Париж Олимпиадасында қызмет ететін қазақстандық төрешілер анықталды. Төртжылдықтың басты додасына спортшылардан бөлек, 12 отандық төреші жол тартады. Атап айтар болсақ, қазақстандықтар бокс, күрес, спорттық гимнастика, көркем гимнастика, семсерлесу, баскетбол және өртістік жүзуден Олимпиада ойындарында қазылық жасайды.

Париж төрінде төмендегі төрешілер жұмыс істейді:

Алуа Бектұрова (көркем гимнастика), Ольга Соловьева (ауыр атлетика), Әлия Каримова (әртістік жүзу), Юлия Игнатченко, Меруерт Қаукеева (теннис), Тимур Әмірбеков (спорттық гимнастика), Евгений Дьякокин (семсерлесу, сабля), Евгений Михеев (баскетбол), Ерік Жұмабеков, Игорь Лигай (күрес), Әлішер Алтаев, Ермек Сүйеніш (бокс).

Жоғарыда аталған мамандардың басым бөлігін халықаралық федерациялар таңдап алған. Тек бокстан төрелік ететін қазыларды Халықаралық олимпиада комитеті рейтинг бойынша іріктеді. Себебі ИВА (Халықаралық бокс қауымдастығы) ХОК құрамынан уақытша шығарылған болатын. Сондықтан Олимпиададағы бокс бәсекелерін осымен екінші цикл катарынан Халықаралық олимпиада комитеті ұйымдастыруда.



Тек бокстан төрелік ететін қазыларды Халықаралық олимпиада комитеті рейтинг бойынша іріктеді. Себебі ИВА (Халықаралық бокс қауымдастығы) ХОК құрамынан уақытша шығарылған болатын.

Қазақстандық төрешілердің басым бөлігі Олимпиадада алғаш рет жұмыс істемек. Тек спорттық гимнастика маманы Тимур Әмірбеков осымен төртінші жазғы ойындарда төрелік етпек. Ол Афины (2004), Лондон (2012) және Рио (2016) Олимпиадаларында, спорттық гимнастикадан 18 әлем чемпионатында қазылық жасаған. Сондай-ақ Әмірбеков лицензиялық әлем чемпионатында жоғары деңгейде төрелік еткені үшін Париж Олимпиадасына тікелей шақырту алды.

ТӨРЕШІЛЕРІ



Сондай-ақ үлкен теннистен төрелік ететін Юлия Игнатченко мен Меруерт Қаукеева үшін де бұл екінші Олимпиада болмақ. Қос төреші 2020 жылғы Токио ойындарында да мінсіз жұмыс істеді. Одан бөлек, екі төреші де теннистен «Үлкен дулыға» турнирлерінің финалдық кезеңінде қазылық етіп жүр. Екеуінде де әлемдік төрешілерге арналған күміс белгі бар. Қаукеева мен Игнатченко әлемдік жарыстарда алдымен капталдағы төреші ретінде бастаса, бүгінде олар матчты мінбеден қадағалайды.

Бокстан ИВА үш жұлдызды төрешісі Әлішер Алтаевтың бокста төрелік етіп келе жатқанына 20 жылдан асты. Осы уақыт аралығында түркістандық маман түрлі жас деңгейіндегі сегіз әлем чемпионатын абыроймен атқарған. Одан бөлек, Азия чемпионаттары мен Азия ойындары және Олимпиадаға іріктеу турнирлерінде де қызмет етті. Бүгінге дейін бапкердің тек Олимпиада ойындарына жолы түспепті. Көптен күткен маңызды сәт Париждегі жазғы ойындарға сәйкес келіп отыр.

«Жастар, студенттер, әйелдер және ересектер арасындағы әлем чемпионаттарын есепке алсам, барлығы 8 әлем біріншілігінде төрелік етіппін. Әр жылдары Аргентинада, Чилиде, Ұлыбританияда, Таиландта, Италияда өткен бокстан Олимпиадаға іріктеу турнирлерінде жұмыс істедім. Негізі, бұған дейінгі Лондон, Рио-де-Жанейро және Токио Олимпиадаларында жұмыс істеуім қажет еді. Сәті түспеді. Париж ойындары бұйырып тұр екен. Бұл жолы бізді Халықаралық олимпиада комитеті іріктеп алды.



Рейтингте жоғары орында тұрған қазыларға шақырту жіберді. Бұған дейінгі еңбегім ескеріліп, Олимпиадада төрелік ететіміме қуаныштымын. Себебі әрбір спортшы секілді, біз де жазғы ойындарға қатысуды армандаймыз. Олимпиадаға кілең мықты деген төрешілер шақырту алды. Әрбір жеке-жеке сон бізге баға береді. Егер ұпайымыз төмендеп кетсе, жарыстан шеттетеді. Сондықтан бәрін бақылауда ұстап, жоғары деңгейде жұмыс істеу керек. Біз де физикалық жаттығулар жасап, ережелерді қайта-қайта оқып, жарысқа үлкен жауапкершілікпен барамыз», – дейді Әлішер Махамбетәліұлы.

Әлішер Алтаевтың өзі де бокспен айналысқан. Ол – бокстан спорт шебері, жасөспірімдер арасында Қазақстанның екі дүркін чемпионы, жастар арасындағы

Қазақстан чемпионы. 1993 жылы ең алғаш рет өткізілген ересектер арасындағы ел чемпионатында үздік үштікке енген. Сондай-ақ жасөспірімдер арасындағы КСРО біріншілігінде қола медаль иеленген.

Халықаралық гимнастика федерациясы шақырту жіберген отандық төрешілердің бірі – Алуа Бектұрова. Алуа ұзақ жылдар бойы отандық гимнастика игілігі үшін қызмет етті. Бүгінде Еуропада тұратын маман соңғы екі жыл бойы FIG ұйымдастырған ірі жарыстың бәрінде қазылық еткен. Тіпті, спортшылар үшін ғана емес, төрешілер арасында да маңызды саналатын лицензиялық әлем чемпионатын абыроймен атқарды. Осыдан соң әлемдік ұйым Бектұрованы Олимпиадада төрелік ететін кіл мықтының қатарына қосқан.

«Біріншіден, Олимпиадаға қатысу үшін төрешінің тәжірибесі есепке алынады. Соңғы екі жылда әлем чемпионаты, әлем кубогі сияқты көптеген ірі жарыста қазылық етуін керек. Екіншіден, судьяның санаты үлкен рөл ойнайды. Көркем гимнастикада төрешілердің 4 санаты бар. Олимпиада ойындарында тек бірінші және екінші санатты қазылар жұмыс істейді. Үшіншіден, төрешінің олимпиадалық маусымдағы қызметінде мін болмауы керек. Қандай да бір қате жіберіп, ереже бұзатын болсаң, Олимпиадаға шақырмайды», – дейді Алуа.

Әлемдік деңгейдегі мамандарымыздың Олимпиадаға қатысуы еліміз үшін де үлкен жетістік екенін ұмытпаған жөн. Отандық қазылар қосынына жер жүзінің ең басты жарысы – Олимпиада ойындарында сәттілік тілейміз.

Арда КЕМЕЛ



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТЛШПЕР:
Ақмола облысы
Ақтөбе облысы
Алматы облысы
Астана қаласы
Саяхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Нәнура НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖААҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баши ЖАНУЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4463
Астана қ. «Медиа-холдинг» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114.